

## ***Кітапхананы пайдалану ережесі***

### ***1. Жалпы ережелер***

1.1. Кітапхана ғылыми, ақпараттық және мәдени-ағартушылық сипаттағы функцияларды орындайды, университетте оқу, оқу-тәрбие, ғылыми және инновациялық қызметті қамтамасыз етеді.

1.2. Осы Ереже Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2000 жылғы 17 тамыздағы № 827 бұйрығымен бекітілген «Жоғары кәсіптік білім беру ұйымының кітапханасы туралы» Үлгілік ережеге; Кітапхана туралы ережеге және университеттің нормативтік құжаттарына сәйкес әзірленді.

1.3. Ережелер пайдаланушыларға қызмет көрсетуді ұйымдастырудың жалпы тәртібін реттейді.

1.4. Кітапхана қызметін пайдалана отырып, пайдаланушы осы Ережемен келіседі және пайдаланушылар мен Кітапхананың құқықтары және міндеттерімен танысқанын растайды.

### ***2. Пайдаланушыларды кітапханаға жазу тәртібі***

2.1. Кітапханаға жазылу үшін оқырман өзінің осы университетте оқитындығын немесе қызмет ететіндігін дәлелдейтін құжаты: студенттер үшін – студенттік билеті немесе төл құжат (көшірме), 3x4 өлшемді екі фотосуреті, оқытушылар мен қызметкерлер үшін – жеке куәлігі мен кадр бөлімінен анықтама және 3x4 өлшемді бір фотосуреті қажет.

2.2. Бірінші курс студенттері оқырман билетін алғанға дейін кітапханаға барған кезде жеке куәлік бойынша тіркеуді жүргізеді. оқырман билетін алғаннан кейін кітапханашы арқылы тіркеуден өтіп, әрі қарай оқудың барлық кезеңінде оқырман билетін пайдалану қажет.

2.3. Тіркелгеннен кейін пайдаланушы осы кітапхананы пайдалану ережелерімен танысуға және оларды қатаң сақтауға міндетті

### ***3. Абонементті пайдалану ережелері***

3.1. Абонементтерде әдебиетті үйге беру жүзеге асырылады.

3.2. Әдебиетке тапсырыс беру кезінде пайдаланушы оқырман билетін ұсынады және нысанды толтырады.

3.3. Кітапхана қорынан кітаптар мен басқа да материалдарды алған кезде пайдаланушы басылымдарды мұқият қарап шығуға және қандай да бір ақаулар анықталған жағдайда бұл туралы кітапханашыға хабарлауға міндетті, олай болмаған жағдайда басылымды соңғы пайдаланған пайдаланушы басылымды бүлдіргені үшін жауапты болады.

3.4. Пайдаланушы оқу және оқу-әдістемелік әдебиетті бір семестрге немесе бір оқу жылына; ғылыми және көркем әдебиетті 15 күн мерзімге алады.

3.5. Энциклопедиялар, анықтамалықтар, диссертациялар тек оқу залдарында беріледі. Егер абонементте қажетті әдебиеттер болмаса, материалдарға [www:http://rmebrk.kz](http://rmebrk.kz) <http://platonus.kazetu.kz> library. kazetu.kz кітапхана сайты арқылы «Электрондық каталог» бөлімінде қол жеткізуге болады.

3.6. Пайдаланушы әдебиеттерді 31 шілдеге дейін тапсырып, қайта тіркеуден өтуге немесе кету парағына қол қоюға міндетті

### ***4. Оқу залын пайдалану ережелері***

4.1. Оқу залын пайдалану мақсатында келгенін тіркеу үшін оқырман билетін ұсыну жеткілікті.

4.2. Оқу залдарында келушілерге оқу залының қорында ашық қолжетімділік режимінде жұмыс істеу мүмкіндігі беріледі, бұл өз бетінше қажетті әдебиеттерді табуға, қорда бар басылымдарды қызықтыратын тақырып бойынша қарауға мүмкіндік береді.

4.3. Егер оқу залында қажетті әдебиет болмаса, пайдаланушы оны <http://platonus.kazetu.kz> library. kazetu.kz кітапхана сайтынан таба алады.

4.4. Оқу залындағы кітаптар үйге берілуі және үш күнге дейінгі мерзімге «Түнгі абонемент» арқылы ресімделуі мүмкін.

4.5. Бір данадағы әдебиет үйге берілмейді, бірақ пайдаланушы көшіргіштер арқылы сканерленген көшірмесін, қажетті беттердің көшірмелерін жасай алады немесе ұялы телефондарға суретке түсіре алады.

4.6. Оқу залында соңғы 3 жылда отандық және шетелдік газеттерге, журналдарға, хабаршыларға және тағы басқаларға қолжетімділік беріледі. Бұрын жарияланған басылымдарға Кітапхана қорынан тапсырыс беруге болады.

### ***5. Кітапхананың электронды залын пайдалану ережесі***

5.1. Кітапхананың электронды залын пайдалану үшін пайдаланушы кітапханашыға оқырман билетін ұсынуы жеткілікті.

5.2. Электронды зал Интернет желісінің ресурстарына, жазылу деректер базасына және өз генерациясының электронды ақпараттық ресурстарына қолжетімділікті, сондай-ақ компьютерлерде орнатылған оқу және ғылыми қызметтің бағдарламалық қамтылымын пайдалана отырып жұмыс істеу мүмкіндігін береді.

### ***6. Пайдаланушылар мен кітапхананың құқықтары мен міндеттері***

#### ***6.1. Кітапхана пайдаланушылары құқылы:***

- ұсынылатын кітапханалық-ақпараттық қызметтердің негізгі түрлерін тегін пайдалануға;
- кітапхананың барлық абонементтерінің уақытша пайдалану үшін кітаптар және басқа да ақпарат көздерін алуға;
- кітапхана қорының құрамы туралы толық ақпаратты электронды каталог және кітапханалық ақпараттандырудың басқа да нысандары арқылы алуға;
- ақпарат көздерін іздеу және таңдауда кеңестік көмек алуға.

#### ***6.2. Пайдаланушылар міндетті:***

- кітапхана пайдаланушысының құқықтары мен міндеттерімен танысуға және сақтауға.
- сыртқы киімді гардеробқа тапсыруға, ал үлкен сөмкелер мен рюкзактарды сақтау камерасында қалдыруға;
- кітапхананың залдарында және абонементтерінде әдебиеттерді алу үшін оқырман билетін ұсынуға;
- жеке ақпарат тасығыштарды (дискілерді) пайдаланған кезде оларды вирустардың бар-жоғына тексеруге
- кітаптарға, басқа баспа шығармаларына, басқа кітапхана материалдарына және кітапхана мүлкіне ұқыпты қарауға;
- электронды кітапхананың мүлкі (жабдық, техника, жиһаз және т. б.) бүлінген жағдайда оның толық құнын өз есебінен қалпына келтіруге;
- алынған басылымдарды белгіленген мерзімде қайтаруға немесе абонементтер мен оқу залдарында кітаптарды пайдалану мерзімін уақтылы ұзартуға;
- кітапхана кітабы жоғалған немесе бүлінген жағдайда-ұқсас кітаппен немесе кітапхана «кітап үшін кітап» мөлшерінде тең деп таныған басылыммен келтірілген залалды өтеуге немесе оның нарықтық құнын университет кассасына төлеуге;
- жоғарыда аталған ережелерді сақтамаған жағдайда пайдаланушыға кітапхана қызметіне қолжетімділік ішінара немесе толық шектелуі мүмкін;
- пайдалану ережелерін бұзған немесе кітапханаға зиян келтірген тұлғалар қолданыстағы заңнамамен және кітапхананы пайдалану ережелерімен қарастырылған формада әкімшілік, азаматтық-құқықтық (материалдық) жауапкершілікке тартылады.

#### ***6.3. Пайдаланушыға тыйым салынады:***

- әдебиетті алу үшін бөтен құжатты пайдалануға; бөтен оқырман билетін пайдаланғаны үшін пайдаланушыға кітапханаға кіру 1 айға шектеледі;

- өзіне тіркелмеген әдебиетті кітапханадан шығаруға;
- дауыстап сөйлесуге, телефонды дыбыстық режимде пайдалануға, оқу залдарына тамақ әкелуге;
- оқу залдарында қайшыларды, ұстараларды пайдалануға, кітапхана басылымдарын бүлдіруге, оларға белгілер жасауға, беттерді астын сызуға, бүгуге, парақтарды кесуге және жұлып алуға, құжаттың RFID-белгісі бар заттаңбаны бүлдіруге, суреттерді, карталарды, сызбаларды калькалауға; кітаптарды, журналдарды және басқа да басылымдарды (беттерді жұлып алу) бүлдіргені үшін пайдаланушыға кітапханаға үш айға дейін кіруге шектеу қойылады;
- рұқсатсыз қызметтік үй-жайларға, кітап қоймасының қосалқы қорына кіруге;
- кітапхана материалдары мен үй - жайларын фото және бейнетүсірілімді жүзеге асыруға. Фото және бейнетүсірілім кітапхана әкімшілігінің рұқсатымен ғана жүргізіледі;
- кітапхана аумағында темекі шегуге, сондай-ақ мұнда әдепсіз мінез-құлыққа жол берілмейді.

### ***7. Кітапхананың құқықтары мен міндеттері***

Кітапхана міндетті:

- Кітапхана туралы ереже мен осы Ережеге сәйкес оқырмандарға қызмет көрсетуге;
- пайдаланушыларды көрсетілетін қызметтердің барлық түрлері туралы хабардар етуге;
- пайдаланушыларға кітапхананың барлық қорларын пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етуге;
- өз қорларын және көрсетілетін қызметтерді танымал етуге, кітаптарға қызығушылықты дамытуға;
- компьютерлендіру мен озық технологияларды енгізе отырып, пайдаланушыларға кітапханалық және ақпараттық қызмет көрсетуді жетілдіруге;
- кітапханада пайдаланушылар үшін қолайлы жағдай жасауға және қолдауға;
- белгіленген ережелерге сәйкес қордағы кітаптарды, басқа да баспа туындыларын және басқа да материалдарды есепке алуды, сақтауды және пайдалануды жүзеге асыруға;
- ұлттық мәдени игіліктің бір бөлігі болып табылатын өз қорларының сақталуына жауапты болуға;
- пайдаланушылардың кітапханада сақталатын құжаттарға қол жеткізуін шектеуге жол бермеуге.

Нормативтік талаптарға сәйкес кітапхана санитарлық күндерді өткізуге құқылы. Санитарлық күндері кітапхана пайдаланушыларға қызмет көрсетпейді.